

БІЛІМ БЕРУДЕГІ

МЕНЕДЖМЕНТ

В ОБРАЗОВАНИИ

3/2014

ISSN 2226 – 1176



15. Булатбаева К.Н. Функционально-коммуникативная технология обучения русскому языку в казахской школе. – Павлодар: НИЦ ПГУ, 2005 – 351 с.
16. Изаренков Д.И. Обучение диалогической речи. – 2-е изд., испр. – М.: Русский язык, 1986. – 160 с.
17. Золотова Г.А., Онипенко Н.К., Сидорова М.Ю. Коммуникативная грамматика русского языка. – М., Русский язык, 1998. – 528 с.
18. Березин Ф.М., Головин Б.Н. Общее языкознание. – М.: Просвещение, 1979. – 416 с.
19. Ширяев Е.К. В поисках путей исследования логико-грамматических типов предложения. Сб. Язык-система. Язык - текст. Язык – способность. / Институт русского языка РАН. – М.: Наука, 1995. – С. 227- 301.
20. Падучева Е.В. Референциальные аспекты семантики предложения. – М.: Изд. АН СССР. Сер. Лит. и яз., 1984. – Том 43. – С. 7-12.
21. Сусов И.П. Семантическая структура предложения (на материале простого предложения в немецком языке). – Тула: изд-во Тульского гос.пед ин-та, 1973. – 141 с.
22. Богданов В.В. Семантико-синтаксическая организация предложения / В.В.Богданов; Ленинград.гос.ун-т им. Жданова. – Л.: ЛГУ, 1977. – С. 204.
23. Кокорина С.И., Бабалова Л.Л., Метс Н.А. Практическая грамматика русского языка для зарубежных преподавателей-русистов. – М.: Русский язык, 1985. – 408 с.
24. Кузьмина Г.В. Описание и презентация учебного материала на базе функционального синтаксиса // Русский язык как предмет изучения в национальной школе (К проблеме лингвистического описания языка в учебных целях): Обзор научных трудов. – М.: АПН СССР, 1983. – С.102-107.
25. Золотова Г.А. Синтаксический словарь: Репертуар элементарных единиц русского синтаксиса. – М.: Эдиториал УРСС, 2001. – 440 с.
26. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. – М.: Русский язык, 1989. – 292 с.
27. Кипу // Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990 – С. 221
28. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 1998.
29. Сулейменов О. Ассирийский период. // Казахстанская правда, 2001, 19 мая.
30. Барманкулов М.К. Тюркская вселенная. – Алматы: Білім, 1996.

*Ж.Ж. ҚАРТБАЕВА, А.Т. РЫСТЫГУЛОВА,
А.С. ӘБІЛ, Н.Қ. НАУРЫЗОВА*

(Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Алматы, Қазақстан)

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация. Бұл мақалада автор қазіргі заман педагогінен тек өз мамандығының терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілетінін тілге тиек ете отырып оны дайындауда инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – интерактивті оқыту әдісін пайдаланудың жолдарын қарастырады.

Тірек сөздер: интерактивті оқыту әдістері, ақпараттық сауаттылық, жағдаяттарды моделдеу, жобалау.

Ключевые слова: интерактивные методы обучения, функциональная грамотность, моделирование ситуации, проектирование.

Бүгінгі күні әлемдік ақпараттық білім деңгейін көтерудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру. Елбасы Н. Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер-бүгінгі жас ұрпақ, ұстаздар оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын. Қазіргі заман

Педагогтың тек өз мамандығының терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар мен кешендер (кино, аудио және видеокұралдар, телекоммуникациялық желілер және т.б.) Ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары:

1. Балаларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында берілуге тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады
2. Білімге бірі-бірінен алыс ара қашықтықта орналасқан оқу орнында отырып қол жеткізуге болады
3. Оқыту жүйесінің көп деңгейлігі оқу материалының сапасын арттырады.

Иновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – интерактивті оқыту әдісі.

Иновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – интерактивті оқыту әдісі.

«Интерактив» сөзі ағылшынның «interact» сөзінен шыққан. «Inter»-бұл өзара, «act»-әрекеттесу деген мағынаны білдіреді. Интерактивті сөзі бұл бір нәрсемен

(мысалы, компьютермен немесе біреумен, адаммен әңгімелесу) диалог түрінде өзара әрекет етуге қабілеттілік дегенді білдіреді. Сонымен, интерактивтік оқыту- бұл ең алдымен педагог пен студенттердің өзара әрекеті жүзеге асырылатын диалогтық оқыту, танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың арнайы формасы. Оның өзінің нақты және болжаған мақсаттары болады. Оның мақсаттарының бірі -оқыту үрдісін жемісті ететін студенттердің өзінің интеллектуалдық деңгейін, табыстылығын сезінуге және оқытуда жағымды жағдай жасау. Оқу процесіндегі өзара әсердің жаңа мазмұнын бере алатын анықтаманы іздестіру барысында интерактивті оқыту термині пайда болды. Бұл шын мәнінде педагогикалық қарым – қатынастың мәнін, мазмұны мен құрылымын, оңтайландыруға қабілетті екендігін көрсетті. Интерактивтілік ұғымы «символикалық интеракционизм» (Г.Блоуберг, Дж.Г.Мид, Р.Сирс, т.б.), яғни адамдар арасындағы қарым – қатынасты үздіксіз сұхбат (диалог) ретінде қарастыру деген сөз. Мұндай тікелей диалог бүгінгі күні ерекше мәнге ие болып отыр. Мұғалім мен оқушының интерактивтік шығармашылығы шектелмейді. Оны қойылған мақсатқа дұрыс бағыттап білудің маңызы зор. Бүгінгі шығып жатқан әдістемелік инновациялар оқытудың интерактивтік әдісімен байланыстырылған. Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады.

«Интерактивтің» негізгі сипаттамалары қандай? Интерактивтік оқыту – бұл танымдық әрекеттің арнаулы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын-ала болжауға болатын оқыту түрі. Осындай мақсаттардың бірі оқушы өзінің жетістіктерін интеллектуалдық белсенділігін сезетіндей, оқу барысының өнімділігін арттыратын оқытуды жинақы (компактный) шарттарын жасау. Интерактивтік оқытудың мәнісі сыныптағы барлық оқушы таным процесімен қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселер арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге (рефлексировать) мүмкіндік алады. Таным процесінде, оқу материалын игеруде, оқушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді: әр оқушы өзіне тән ерекше еңбегін сiңiредi, бiлiм, идея, әрекет ету тәсiлдерiн алмасу үздiксiз жүредi. Сонымен қатар, бұл процес өз-ара қолдау және қайырымдылық атмосферасында жүредi. Яғни, жаңа бiлiм алып қана қоймайды, танымдық процесiң өзiн дамытады, оң алдеқайда жоғары топтасу мен еңбектесу дәрежесiне көтередi. Сабақтағы интрактивті әрекет өз-ара түсiнiстiкке, өз-ара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есептi бiрлесiп шешуге алып келетiн - ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды дамыту.

Аквариум әдісі: “Аквариум”–балаларға мәселені “қоғам алдында” талқылау ұсынғандағы диалог формасы. Шағын топ белгілі бір мәселе бойынша диалогты жүргізіп кімге сеніп тапсыруға болатынын таңдайды. Кейде тілек білдірушілер бірнеше болуы мүмкін. Қалған барлық оқушылар көрермен ролін атқарады. Сондықтан да мұны аквариум деп атайды.

Психологиялық консилиум: Психологиялық мәселе бойынша әдістерді қолдану талқылау. Топ рольдерге бөлінеді: психологтар, сарапшылар, түрлі мекеме өкілдері. Мәселені жан-жақты талдап тиімді қортынды шығарулары керек.

Сократтық әдіс: Тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін дамытуға бағытталған оқыту белсенді және өнімді формасы. Негізі – баланың өзі араласатын оқыту процесіне белсене қатыстыруда ақыл-ойдың қозғалысы жайындағы Сократтың ілімі. «Сократтық сұрақтар көмегімен оқушының іс-әрекетін ұйымдастыру - баланың санасында «шындықтың өз бетінен туындауының» факторы болып табылады. Сократтық әдістің дидактикалық құрылымы белсенді беру мазмұнының өткеннен келесіге, жақыннан қашықтағыға өту қағидасына негізделген және «белгілі білім емес» принципі бойынша құрылады. Ерекшелігі – әдіс қарапайым өмірлік ситуациялар негізінде құрылады. Шындықты бірлесе іздеу – оқытудағы ең бағалы тәсіл.

Сократтың оқушылармен әңгімесі дәстүрлі тақырыптардан басталған. Диалог өрістетте отырып, оны құрамдас бөліктерге ажырата отырып, оның әрбір талқылау тармақшасынан жаңа сұрақтар тудырып, өзімен бірге ойлануға дайын адамдардың оқушының шындықты іздестірудің қиын жолына апарған. Ойдың туындауына көмектесе отырып Сократтың пайымдауынша, педагог ештенені қалыптастыру керек емес, ол басқа адамдардан даналықтың туындауына жағдай жасауы керек. Бұл сенім оның «майевтика» (повивалық искусство) деп аталатын еркін әңгімелесу әдісінің негізінде жатыр.

Дебат. Оқушылардың сыни ойлауын, талдау, маңыздысын ажырату іскерлікті қалыптастыруға бағытталған. Элементтері: дәйектерді құру; проблемаға байланысты талқылау көзқарастарды ашу; проблеманың фактілерін және идеясын көрсету.

Еркін микрофон. Бұл әдісті сыныптан тыс уақытта қолданған тиімді. Бұл белгілі бір мәселе бойынша ұжым алдында сөйлеу. Бір күннің проблемасы алдын ала ұсынылады. Оқушыларға даярлануға, өз сөзін белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл форманың уақыты шектелген. Еркін микрофонды бір адам жүргізу қажет. Ол сөйлеушілер ретін белгілеп қорытындылайды, жұмысты ұйымдастырады.

Міндетті шарт - әкімшіліктен оқытушылардың, жетекшілердің, кураторлардың қатысуы.

Миға шабуыл. Шығармашылық белсенділікті және жаңа идеяларды тез жасау іскерлігін дамытудың әдісі. Қолданылу уақыты: проблеманың шешімін табу үшін; жаңа тақырыпты ұсыну және оқушылардың іс-әрекетін өзектілеу, берілген проблемаға оқушылардың зейінін шоғырландыру үшін. Әдістің басты міндеті – танымдық іс-әрекетті белсендендіру және оқушыларды өнімді оқыту процесіне қатыстыру. Технологиясы: сипаты бойынша әртүрлі сұрақтарды пайдалана отырып берілген сұрақ немесе зерттелетін проблема бойынша идеялар жинақтау. Идеялар сыналмайды және комментарий берілмейді.

Миға шабуылды ұйымдастыру ережелері:

- Миға шабуыл уақытында сыныптың барлық оқушылары қатысады.
- Ұсынылған идеяларларға комментарий берілмейді және сынға алынбайды.
- Идеяны нақтылау және дамыту мақсатында сұрақ қоюға болады.
- Миға шабуыл барысында аралық бағалар қойылмайды.
- Проблеманы талқылау деңгейінде ұсынылатын барлық идеялар қабылданады.
- Ойлар нақты және қысқа болуы керек.

Ашық ойлар минутасы. Алдын ала проблема жарияланады. Оқушылар берілген мәселе бойынша өз дәйектерін құрады, өз көзқарасын білдіреді. Оқушылардың жауаптары нұсқа, нұсқа, логикалық құрылған болуы тиіс. Зерттеу процесі, ақпаратты, фактілерді өз бетімен іздеу ынтымақтастықта өтуі тиіс.

Жобалау әдісі немесе проблемалар әдісі деп те атайды. Дж.Дьюидің гуманистік бағыттағы философия және білім беру саласында туындаған. Негізі – студенттердің ұжымдық дағдыларын дамыту, өз білімдерін өз бетімен құру және ақпарат кеңістігінде бағытталу іскерлігін, сыни ойлау іскерлігін дамыту. Жобалау әдісі – белгілі бір проблеманы бөлшектеп өңдеу арқылы дидактикалық мақсатқа жетудің тәсілі. Оның нәтижесі – қандай, белгілі бір түрде рәсімделген практикалық нәтиже.

Іскерлік ойындар әдісі – бастапқыда білім саласында емес, басқарудың практикалық аясында пайда болған. Қазіргі таңда түрлі практикалық салада қолданылуда: зерттеу жұмыстарында, жобалау жұмыстары барысында, өндірістік жағдайларда, ұжымдық шешім қабылдауда, сондай-ақ, әскери істерде қолданылады. Қазіргі іскерлік ойындар ерте кезеңдерде әскери ойындар әдісі ретінде соғыс тәсілдерін меңгеру үшін қолданылған. Яғни, командирлерді соғыстағы басқару әдістеріне, әскерлерді кескілескен майдан жағдайында өзін қорғауға үйретеді. Жоғарғы оқу орындарында іскерлік ойындар басқару әдістерін оқытуда қолданылады. Сондықтан да, бұл әдіс «басқарудың іскер ойындары» деп те аталады.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг-қарапайым түсініктегі жаттығу ғана емес, бұл әдіс бір дағдыларды игеру ғана емес, тұлғаның адамдармен қарым-қатынас жасаудағы бағыттылығын, белсенділігін, құзыреттілігін қалыптастыру, топтың әлеуметтік-психологиялық нысана ретінде даму деңгейін арттыру мақсатын көздейді.

Педагогикада оқытудың бірнеше моделін атап көрсетуге болады:

пассивті – оқушы оқытудың «объектісі» ролін атқарады (тыңдау және көру);

активті (белсенді) оқушы оқытудың «субъектісі» болып шығады (өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс, лабораториялық-практикалық жұмыс);

интерактивті – *inter* (өзара), *akt* (әрекеттесу). Оқыту процесі барлық оқушылардың арақатысты белсенді өзара қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Оқушы мен мұғалім оқытудың тең құқылы субъектісі болып табылады.

Интерактивті оқыту моделін пайдалану - өмірлік ситуацияларды модельдеуді, ролдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады. Оқу процесінің қандай да бір қатысушысын немесе идеяны (яғни, жақсы оқытындарға ғана назар аудару сияқты) ерекшелеуді шектейді. Бұл модельге адамгершілікпен, демократиялық жолмен келуді үйретеді.

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру.

Интерактивті оқыту технологиясының аса көп мөлшері белгілі. Әр оқытушы өз бетінше топпен жұмыстың жаңа формаларын ойлап таба алады. Оқушылар бір-біріне сұрақ қойып және оған жауап беруді үйрететін, жұптасып жұмыс істеу әдісін сабақтарда жиі қолданылады.

«Өз позицияңды ұстан» -деп аталатын интерактивтіктің да пайдасы бар. Қандай да бір ұйғарым, көзқарас оқылады, содан кейін оқушылар «Иә» немесе «Жоқ» деген аймаққа бөлінген тақтаға (плакатка) барады. Мүмкіндігінше олар өз позицияларын түсіндіргені дұрыс.

Джиксо – ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты – жалпы мәселені алдымен жұптау, сосын ұжымда талқылау. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға

деген жауапкершілігі артады. Әдісті қолдану төмендегіше ұйымдастырылады. Алдымен ұжым 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұл “жанұя” топтар деп аталады. Содан кейін 1, 2, 3, 4-ке санау арқылы 1-лер бөлек, 2, 3, 4 өз алдына “жұмыс” тобын құрайды. Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланған соң осы мәтінді түсіну қажет екендігі ескертіледі. 4 логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1-бөлігін 1-лер, 2-бөлігін 2 санын алғандар, 3, 4 нөмірлі топтарға оқуға тапсырылады. Жұмысты бастамас бұрын оқушыларға “жұмыс тобында” мәтіннің тиісті бөлігін жақсы меңгеру қажеттілігін, өйткені сол бөлікті “жанұя топ” оқушыларына түсіндіруге жауапты екенін, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының ыждағаттылығына байланысты екенін түсіндіру қажет.

Келесі кезекте ұжым мүшелері бастапқы топтарымен қайта табысып, өздерінің үйреніп келген бөліктеріндегі мазмұнды ортаға салады. Осылайша ұжым мүшелері бірін-бірі оқытуға, сол арқылы ойлауға үйренеді.

Джиксо стратегиясы мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін өте тиімді.

Тәуелсіз еліміздің ертені-жас ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ойлау қабілеті мен біліміне байланысты болады. Осы орайда егенменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдәс-тәсілдерін қолдана біліп, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. Астана, 2000.
2. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Солтүстік Қазақстан газеті, 2004.- 29 қазан.
3. Әбілқасымов Ә. Мектеп реформасы: 12 жылдық білім беруге көшу қажет пе?//12 жылдық білім, 2004.№1. - 80 бет.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. –Астана,2006.

Резюме

Ж.Ж. КАРТБАЕВА, А.Т. РЫСТЫГУЛОВА, А.С. ӘБІЛ, Н.К. НАУРЫЗОВА

(Региональный государственный университет им.К.Жубанова, к.п.н. Алматы, Казахстан)

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ В ПОДГОТОВКЕ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

В данной статье рассмотрены цели и методы интерактивного обучения. Вместе с тем, ярко выражены особенности использования данных методов в учебном процессе.

Summary

The aim and ways of interactive methods of teaching are given in the article. Peculiarities of interactive methods are also examined by the author.